

# АЙНАЛЫСТА БОЛУ МЕРЗІМІ 12 (ОН ЕКІ) АЙДАН АСПАЙТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

## 1. Эмитенттің толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын (егер бар болса) тілдерінде.

Толық атауы:

Қазақ тілінде:	"КМФ (ҚМФ)" Микроқаржылық ұйымы" акционерлік қоғамы
Орыс тілінде:	Акционерное общество "Микрофинансовая организация "КМФ (КМФ)"
Ағылшын тілінде:	Joint Stock Company "Microfinance Organization "КМФ"

Қысқаша атауы:

Қазақ тілінде:	"КМФ (ҚМФ)" МҚҰ" АҚ
Орыс тілінде:	АО "МФО "КМФ (КМФ)"
Ағылшын тілінде:	"MFO "КМФ" JSC

## 2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

061240001583

## 3. Эмитенттің уәкілетті органының айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар шығару туралы шешім қабылдаған күні:

27.03.2024

## 4. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

Облигациялардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Облигациялар саны: 5 000 000 (бес миллион)

Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі: 5 000 000 000 (бес миллиард) Теңге

2) номиналды құнын сипаттайтын валюта көрсетілген бір облигацияның номиналды құны:

1 000 (бір мың) Теңге

3) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі:

Облигациялар айналысының басталу күні:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигациялар айналысының басталу күні («Айналым басталу күні») «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша бірінші аукционды өткізу күні болып табылады. Айналымның басталу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады. Облигацияның айналыс мерзімі Облигация айналысы басталған күннен бастап 360 (үш жүз алпыс) күнді құрайды.

Облигациялардың айналыс мерзімі:

Ай: 0

Күн: 360

#### 4) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

Купондық мөлшерлеме барлық айналыс кезеңіне бекітілген және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес өткізілген Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы аукциондардың нәтижелері бойынша айқындалатын болады Облигациялар мен купон мөлшерлемесінің сомасын Эмитент Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында [www.kdb.kz](http://www.kdb.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ [www.kase.kz](http://www.kase.kz) интернет-ресурсында жариялайды.


#### 5) облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімі:

Облигациялар бойынша сыйақы Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтелген кезде Облигациялардың Номиналды құнын төлеумен бір мезгілде айналыс кезеңінің соңында 1 (бір) рет төленеді. Облигациялар бойынша сыйақы Айналыс басталған күннен бастап 30/360 есептік базисіне (айына отыз күн, жылына үш жүз алпыс күн) сәйкес есептеледі. Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркелген күні») төленеді. Купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент Облигацияларды өтеуге арналған соманы есептеу үшін Орталық бағалы қағаздар депозитарийінде ашылған шотқа Тіркелген күндегі Облигация ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударады.

#### 6) облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар айналысының соңғы кезеңінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде номиналды құны бойынша сыйақыны бір мезгілде төлеу арқылы өтеледі.

**Уәкілетті тұлға:**



Электрондық цифрлық қолтаңба:

**АЛИМКУЛОВА ЛАУРА  
ДАМИРОВНА**  
(тегі, инициалдары)

